

ХФТАР 14.31.09

ӨЖ 371.1

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2025\\_1\\_287](https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_287)

### БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ВИЗУАЛДЫ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Әлмұханбет Ш.Б.\* – PhD докторанты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Молдабек Қ.М. – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Мустафа Кале – PhD докторанты, қауымдастырылған профессор, Гази университеті, Анкара қ., Түркия Республикасы.

Есназар А.Ж. – PhD, аға оқытушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Білім беру жүйесінде біздің алдымызда тұрған міндеттердің бірі – сыни тұрғыдан ойлау дағдысы қалыптасқан оқушы тұлғасын дамыту. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздерін айқындау мақсатында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасап, «сыни тұрғыда ойлау» ұғымы әр түрлі ғылым салаларында қолданылатындығын, көп мағыналы ұғым екенін нақтыладық. Мақаланың мақсаты – визуалды әдістерді бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастырудың құралы ретінде қарастыру. Визуалды әдістер материалды алдын-ала ұйымдастыруға, өз идеяларын ұсынуға, оларды елестетуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері жинақтау, салыстыру, жүйелеу әдістері арқылы талданды. Зерттеу жұмыстары 2023 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында жүргізілді. Зерттеуге Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы мен З.Космедемьянская атындағы №23 мектеп лицейінің бастауыш сынып оқушылары қатысты. Зерттеу барысында эксперименттің үш кезеңі іске асырылады. Анықтау кезеңінде – «Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауы» атты диагностикалық әдістеме арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдыларының алғашқы нәтижесі алынды; қалыптастыру кезеңінде – визуалды әдістерді қолданудың жолдары; ал, бақылау кезеңінде – тапсырмалардың тиімділігін дәлелдеу мақсатында диагностикалық әдістеме қайта алынып, оның салыстырмалы нәтижесі ұсынылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі көрсеткендей тәжірибелік сыныпта өткізілген тапсырмалардың тиімді түрде ұйымдастырылғаны дәлелденді.

**Түйінді сөздер:** бастауыш сынып оқушылары, сыни ойлау, визуалды әдіс, инновациялар, технология.

### ФОРМИРОВАНИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ ШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ ВИЗУАЛЬНЫЕ МЕТОДЫ

Әлмұханбет Ш.Б.\* – PhD докторант, Южно-Казахстанский государственный университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Молдабек Қ.М. – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский государственный университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Мустафа Кале – PhD, ассоциированный профессор, Университет Гази, г. Анкара, Турецкая Республика.

Есназар А.Ж. – PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Одной из задач, стоящих перед нами в системе образования, является развитие личности учащегося, у которого сформированы навыки критического мышления. Проанализировав исследования отечественных и зарубежных ученых с целью определения теоретических и методологических основ исследования, уточнили, что понятие «критическое мышление» используется в различных областях науки, является многозначным понятием. Цель статьи – рассмотреть наглядные методы как средство формирования критического мышления младших школьников. Визуальные методы позволяют заранее организовать материал, представить свои идеи. Результаты исследования анализировались методами обобщения, сравнения, систематизации. Исследования проводились с сентября по декабрь 2023 года. В исследовании приняли участие учащиеся 4 «В» и 4 «Г» классов школы-лицея №23 им. З. Космедемьянской. В ходе исследования реализуются три этапа эксперимента. На этапе выявления получен первый результат навыков критического мышления учащихся с помощью диагностической методики «критическое мышление младших школьников»; на этапе формирования – способы применения визуальных методов; а на контрольном этапе, с целью доказательства эффективности задачи, была повторно заимствована диагностическая методика и представлен ее сравнительный результат. Результаты опытно-экспериментальной работы показали, что задания, проведенные в практическом классе, были эффективно организованы.

**Ключевые слова:** учащиеся начальных классов, критическое мышление, визуальный метод, инновации, технологии.

### FORMATION OF CRITICAL THINKING OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH THE VISUAL METHODS

Almukhanbet Sh.B.\* – PhD student, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Moldabek K.M. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Mustafa Kale – PhD, Associate Professor, Gazi University, Ankara, Republic of Türkiye.

Yesnazar A.Zh. – PhD, Senior Lecturer, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

*One of the key challenges in the education system is fostering students' personal development by cultivating critical thinking skills. Analyzing the research of both domestic and international scholars to establish the theoretical and methodological foundations of the study has shown that the term "critical thinking" used across various scientific disciplines, carries multiple interpretations. The purpose of the article is to consider visual methods as means of developing critical thinking in younger schoolchildren. Visual techniques allows to organize the material in advance and present ideas. The research results were analyzed using the methods of compilation, comparison, systematization. The research was conducted from September to December 2023. The study involved students of grades 4 "B" and 4 "G" of Z. Kosmodemyanskaya Lyceum School No. 23. The research was conducted in three stages. During the identification stage, students' critical thinking skills were initially assessed using the "Critical Thinking of Younger Schoolchildren" diagnostic method. In the formation stage, visual techniques were applied to develop these skills. Finally, in the control stage, the diagnostic method was re-administered to evaluate the effectiveness of the tasks, and a comparative analysis of the results was presented. The experiment findings demonstrated that the practical class activities were effectively structured and implemented.*

**Keywords:** primary school students, critical thinking, visual method, innovation, technology.

**Кіріспе.** Білім беру жүйесінде біздің алдымызда тұрған міндеттердің бірі – ақпаратты өздігімен талдай алатын, креативті тұрғыда жаңа идеяларды ұсына алатын, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыған, инновациялық іс-әрекетке бейім, тілдік дағдылары дамыған, цифрлық құзыреті мен зерттеушілік дағдылары қалыптасқан оқушы тұлғасын дамыту.

Бұл міндеттерді іске асыруда ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдасының 2-ші параграфында [1] ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту мәселесі қарастырылады. Демек, зияткерлікті дамытуда арнайы құзыреттер мен сыни ойлау дағдыларды қалыптастырудың қажеттілігі туындайды. Ендеше, білім алушының зияткерлік әлеуетін дамытуда сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор деп білеміз.

Осы орайда, бастауыш білім берудің жалпы міндетті білім беру стандартында [2] оқушының білім кеңістігінде еркін дамуына мүмкіндік беретін дағдылардың бірі – сыни ойлау дағдылары деп қарастырылған. Ендеше, білім беру процесінде саналы шешім қабылдауға, өз алдына ізденісті ұйымдастыруға, мәселені талдауға, өз пікірін дәлелдей алуға мүмкіндік беретін жағдаяттарды құру қажеттілігі туындайды. Бұл бағыттағы жұмыстарды бір-бірімен ұштастыра ұйымдастыру арқылы жоғары нәтижеге жетуге болады. Себебі, қазіргі білім беру жүйесінде сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушыны тәрбиелеу өзекті әрі күрделі процесс болып табылады.

**Зерттеу мақсаты:** визуалды әдістерді бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастырудың құралы ретінде қарастыру.

**Зерттеу міндеттері:** «сыни ойлау» ұғымын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасау; визуалды әдістерді оқу процесінде қолданудың маңыздылығын анықтау; зерттеу мәселесі бойынша тәжірибелік-эксперименттік кезеңдерді іске асыру (анықтау, қалыптастыру, бақылау); визуалды әдістер арқылы сыни ойлауды қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды ұсыну, оның маңыздылығын көрсету.

**Материалдар мен әдістер.** Білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру мәселесін отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен байқаймыз.

Отандық ғылымдардан сыни ойлаудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін Л.М.Искакова, Б.Б.Келгембаева, Ж.С.Бекбаева және т.б. зерттеді. Атап айтсақ, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін сыни ойлау арқылы дамыту мәселесін Л.М.Искакова [3] қарастырса, жоғары сынып пәндерін сыни ойлау технологиясы арқылы оқыту мәселесін Б.Б.Келгембаева [4], оқу процесінде сыни ойлауды дамытудың заманауи педагогикалық технологиялары С.И.Заир-Бектің [5] еңбектерінде көрініс табады, сондай-ақ, студенттердің сыни ойлауын қалыптастырудың жолдарын Ж.С.Бекбаева [6], ал, ойлауды дамытуда медиа-ресурсты пайдаланудың ғылыми негіздерін А.А.Ташетов және сыни ойлауды дамытуға бағытталған вариативтік курстың бағытын Қ.М.Тайболатовтың [7] зерттеуінен байқаймыз.

Сондай-ақ, шетелдік ғалымдардың Silva, H., Lopes, J., Cruz, G., Dominguez, C., Morais [8], Wijnen, F., Walma van der Molen, J. & Voogt, J. [9], 10. Srivani, M., Murugarran, A.Design [10] және т.б. еңбектерінде көрініс табады.

Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын STEM технология арқылы дамытудың жолдарын Л.Искакова зерттеді [3, 232 б.]. Оның пікірінше, STEM бағдарламалары заманның қажеттілігінен туындап отыр. Себебі, бұл бағыттағы тренинг, семинар, бағдарлама, элективті курс және т.б. әзірлеп оқу процесіне енгізу бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыда ойлай алатын, ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алатын тұлғаны қалыптастырады.

А.Жиенхан және М.С.Кулахметова өзінің мақаласында: «сыни тұрғыдан ойлау – бұл заттар мен ақпаратты талдау, құбылыстарды түсіндіру, оқиғаларды бағалау, содан кейін объективті қорытындылар жасау үшін қолданылатын пайымдаулар жүйесі» [11] деп анықтама ұсынады. Авторлардың пайымдауынша, сыни тұрғыдан ойлау пайымдаулар мен қабылдаудың нәтижесінде қонымды ой білдіруді айтады.

Сыни тұрғыда ойлауды дамытуда тиімді әдіс-тәсілдерді қарастырудың жолдарын А.Қ.Төреқұлова өзінің зерттеуінде қарастырды [12]. Оның пікірінше, оқушының пәндік құзыреттері мен сыни ойлауын, мәселенің шешімін табуға деген ынтасын, теориялық білімін практикада қолдана алу білігін қалыптастыруда қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінің маңызы зор деп біледі. Яғни, әр кезеңнің әдіс-тәсілдері, мәселен: еркін жазу, семантикалық карта, көп деңгейлі сұрақ, ДЖИКСО және т.б. сыни ойлауды дамытуда септігін тигізеді. Ал, біз зерттеу барысында визуалды әдістерді қолданатын боламыз.

Б.Б.Келгембаева әдеби шығармаларды оқуда сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын бағыттарды көрсетті. Атап айтсақ:

Біріншіден – шығармадағы негізгі ойды, идеяны анықтау, сыни еңбектердегі қайшылықты пікірлерді сараптау;

Екіншіден – ғылыми еңбектерге шолу жасау, пікір білдіру;

Үшіншіден – шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру;

Төртіншіден – шығарманың стиліне талдау жасау;

Бесіншіден – шығарманың түрлі нұсқаларына талдау жасау, түзету, өзгерістер енгізу, ұсыныс беру;

Алтыншыдан – шығарманы және ақын-жазушыларды салыстыру [4, 337 б.].

Бұл бағыттағы іс-әрекеттерді зерттеу барысында негізге алатын боламыз.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету технологиясының рөлін Г.Д.Кабышева мен Б.Е.Букабаева зерттеді [13]. Автор зерттеуінде сыни ойлау технологиясының құрылымы қисынды және маңызды ретінде *шақыру кезеңі, мазмұнды түсіну кезеңі, рефлексия кезеңі* деп қарастырады. Әр кезеңнің өзіндік іс-әрекеттері бар: шақыру кезеңінде – тақырыпқа деген қызығушылықты ояту, ақпаратты жүйелеу және материалды зерделеуде тұжырымдау жасау әрекеті қамтылады; мазмұнды түсіну кезеңі – жаңа ақпаратпен танысу, әдіс-тәсілдерді қолдану; рефлексия кезеңі – ақпаратты талдайды, салыстырады, қорытынды жасайды. Ендеше, бұл іс-әрекеттердің сыни ойлауды дамытуда маңызы зор деп білеміз.

Ж.М. Молбасынова білім алушылардың эмоционалдық интеллектісін дамытуда сыни тұрғыдан ойлаудың психологиялық қатынасын зерттеді [14]. Автор өз зерттеуінде сыни тұрғыдан ойлаудың психологиялық механизмін нақтылады. Яғни, сыни ойлауды дамыту ықпал ететін интеллектуалдық процестердің маңызын көрсетті.

Ж.С. Бекбаева өзінің еңбегінде: «сыни тұрғыдан ойлау – бұл ақпаратты талдау, синтездеу және бағалау арқылы субъектіге оның сенімділігі мен негізділік дәрежесін анықтауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ жеке тұлғаға өз көзқарастарын тұжырымдауға, ұғымдар мен сенімдерді қалыптастыруға, қолда бар белгілі білімге (фактілерге) сүйене отырып негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін бағалау-рефлексивті ойлау» деп анықтамасын ұсынады [6, 12 б.]. Автордың пікірінше, сыни ойлауды қалыптастыру процессі арнайы шешімді қабылдауды және шығармашылық дағдыларды қажет ететін, стандартты емес тапсырмаларды және ғылыми жобалар бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру арқылы іске асады. Олай болса, бұл өз кезегінде сыни ойлауды туындатады.

А.Ф.Кубрушко және Ж.С.Бекбаева сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін инновациялық әрекетті ұйымдастыру мәселесін қарастырады [15, 479 б.]. Автор ЖОО-ның оқытушыларына сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін білім беру технологияларын пайдалануға қызығушылық дәрежесін анықтау мақсатында сұрақтар ұсынып, сауалнама нәтижесінде оқытушыларға әдістемелік жағынан көмек қажет екендігін түсінеді. Оның нәтижесінде білім алушылардың сыни ойлауын теориялық және практикалық тұрғыда білімін тереңдету; сыни ойлау ұстанымдары мен технология туралы білімді жүйелеу; сыни ойды дамытуға бағытталған тапсырмаларды ұсыну және оңтайлы жағдай жасау мақсатында арнайы курсқа «Оқу процесінде сыни ойлау стратегияларын қолдану технологиясы» атты модуль енгізді. Ендеше, бұл бағыттағы жұмыстарды біз де тәжірибе барысында қолданатын боламыз.

Сондай-ақ, шетел ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап кетейік.

Дәрістердің, бірлескен оқытудың және тұжырымдамалық карталардың сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамытуға әсерін Helena Silva зерттеді [8, 450 б.]. Ғалымның пікірінше, сабақ барысында арнайы оқытудың бірлескен әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы жоғары нәтижеге жететін эксперимент барысында дәлелдеді. Автордың әдіс-тәсілдері мен ұсыныстарын біз де тәжірибе барысында қолданатын боламыз.

Ф.Віјпеп және т.б. ғалымдар бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңа технологияларды қолдануға және оқушылардың жоғары деңгейлі ойлауын ынталандыруға қатынасын зерттеді [9, 6370 б.]. Оның зерттеуінде, оқушыны сыни тұрғыдан ойлауға ынталандыруда мұғалімдер жаңа технологияларды өте сирек қолданады. Яғни, сыни тұрғыдан ойлау дағдылары оқушы үшін маңызды, оны дамытуда арнайы технологияларды қолданудың қажеттілігін түсінді.

Олай болса, «сыни тұрғыда ойлау» ұғымы әр түрлі ғылым салаларында қолданылатындығын, ғалымдардың әр түрлі анықтама және түрлі бағытта қолданылып, көп мағыналы ұғым екенін байқадық.

Ғалымдардың зерттеулері көрсетіп отырғандай, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданудың маңызы зор. Бұл әдістерді жоғары дәрежелі ойлауға жетелейтін құрал ретінде қолдануға болады. Олай болса, біз зерттеуімізде визуалды әдістерді қолдану арқылы сыни ойлауын қалыптастыру мәселесін зерттейтін боламыз.

Сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда материалды ұйымдастырудың визуалды әдістеріне үлкен мән беріледі. Бұл әдістер тек шығармашылық рефлексия ретінде қолданылмайды. Сәйкесінше, ұсынылған әдістердің көмегімен білім алушылар материалды алдын-ала ұйымдастыруға тырысады, өз идеяларын визуализациялайды. Осы орайда, көптеген әдістер семантикалық кезеңде жұмыс істейді, ал кейбіреулері сабақтың жетекші стратегиясына айналуы мүмкін.

Ендеше, бейнелі материалдар сызба, кесте, сурет, диаграмма және т.б. сыни ойлауды дамытуға көмектеседі ме? Олар бізге не береді? Демек, біз материалдарды графикалық түрде ұсынудың дағдыларын игере отырып, сабақты қызықты, әрі өнімді өткізе аламыз. Яғни, визуалды әдістерді қолдана отырып бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытамыз.


Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын визуалды әдістер арқылы қалыптастыру мәселесіне байланысты нормативті құжаттар, оның ішінде білім беру стандарты, білім және ғылымды дамытуға бағытталған тұжырымдама, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне теориялық тұрғыда талдау жүргізілді. Зертеу нәтижелері жинақтау, салыстыру, жүйелеу әдістері арқылы талданды.

**Нәтижелер және талқылау.** Зерттеу жұмыстары 2023 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында жүргізілді. Зерттеуге Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы мен З.Космедемьянская атындағы №23 мектеп лицейінің бастауыш сынып оқушылары қатысты. Зерттеу барысында эксперименттің үш кезеңі іске асырылады. Олай болса, *анықтау кезеңінде* оқушылардың сыни ойлау дағдыларын «Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауы» атты диагностикалық әдістеме арқылы анықтап алдық. Анықтау кезеңіндегі нәтижелер төмендегідей (1 кесте).

1 кесте – Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларының анықтау кезеңі

Деңгейлері	Бақылау сыныбы		Тәжірибелік сынып	
	n=28		n=30	
1	2		3	
жоғары	-	-	-	-
орта	32,1%	9	36,7%	11
төмен	67,9%	19	63,3%	19

Кестеде көрсетілген көрсеткіштердің диаграмма түріндегі нәтижелері төмендегідей сипатталған (1 сурет).



1 Сурет – Бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлау дағдыларының анықтау кезеңі

Нәтижелері: бақылау кезеңінде орта деңгей – 9 оқушыны, төменгі деңгей – 19 оқушыны құрады; тәжірибелік сыныптың орта деңгейі 11 оқушыны, төменгі деңгей 19 оқушыны құрады. Нәтижелерден біздің байқағанымыз екі сыныптың да сыни ойлауы қалыптаспағандығы анықталды. Ендеше, бұл дағдыны қалыптастыру кезеңінде арнайы тапсырмаларды ұсыну арқылы іске асыратын боламыз.

**Қалыптастыру кезеңі** қыркүйек пен желтоқсан аралығында визуалды әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Жалпы, визуалды әдістер сыни ойлауды дамытуда үлкен рөл атқарады. Визуалды әдістердің көмегімен оқушылар материалды алдын-ала ұйымдастыруға тырысады, өз идеяларын ұсынып, оларды елестетеді. Олай болса, мәселені шешуде сызба, диаграмма, кестелердің көмегі қандай? деген сұрақтың қойылуы заңды. Сызба, диаграмма, кете, сурет, шартты белгілер және т.б. шығармашылықпен біріктіре отырып қарастыру қажет. Себебі, біз әрекет еткенде ғана әлемді жақсырақ тани бастаймыз. Өйткені, схемаларды сызып, материалды графикалық түрде көрсетудің кейбір дағдыларын игере отырып, сабақты қызықты, бай және өнімді ете аламыз.

Сыни ойлауды дамыту ойлаудың негізгі қозғаушы күші ретінде сұрақтарға бағытталған. Оқушылар өздерінің интеллектуалды энергиясына жүгінуі керек. Жауаптар одан әрі сұрақтарды ынталандырған жағдайда ғана ой тірі қалады. Тек сұрақ қоятын оқушылар ғана шынымен ойланып, білімге ұмтылады. Қойылған сұрақтар біздің ойлау деңгейімізді анықтайды. Сұрақтардың өзі ашық және жабық сұрақтар болып бөлінеді. Мәселен, сабақты бастамас бұрын оқушыға кілт сөздерді ұсынамыз: табиғат, жел, уақыт, күн, жер, су, орман, тас, жануар, қоқыс, ауыл, қала және т.б. осы орайда мынадай сұрақтар қоямыз (кесте 2):

2 кесте – Ашық және жабық сұрақтар

Қалың сұрақтар 1	Жұқа сұрақтар 2
Не себепті бұл сөздерді бүгінгі сабақта қарастырып отырмыз?	Бұл не?
Сөздердің арасында қандай байланыстар бар?	Сөздердің байланысы бар ма?
Бұл сөздерді қалай топтастырсақ болады?	Сөздерді топқа бөле аламыз ба?
Сенің ойыңша кілт сөздердің мағынасы қандай? Кілт сөздердің тізімін жалғастыр...	Кілт сөздерді ата?
Неге? Оған қандай дәлелдеме келтіре аласың?	Кілт сөздердің атауы бір-біріне ұқсас па?

Бұл бағыттағы сұрақтарға жауап беру арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізуге, қателік жасаудан қорықпауға, өз білім мен тәжірибесін көрсетуге, өзгенің пікірін тыңдай отырып өзінің көзқарасын дәлелдемелер арқылы білдіруге, кілт сөздердің мағынасын түсінуге, тұжырым жасауға дағдыланады. Демек, оқушы талдау, жинақтау, байланыстыру, нақтылау, салыстыру арқылы мәсенің шешімін табуға әрекет жасайды.

Келесі тапсырмада оқушыларға кесте ұсынатын боламыз. Кестеде: Кім? Не? Қашан? Қайда? Неліктен? деген сұрақтар беріледі. Оқушы кестені оқыған мәліметтері бойынша толтыратын болады. Сондай-ақ, ақпаратпен жұмыс жасау барысында бірнеше тапсырмалардың түрлеріне тоқталып кетсек. Мәселен, зерттеуде оқушыларды топтарға бөлеміз. Топтың әр мүшесі өз нысанын алады: бірі – Шымкент қаласында орналасқан «Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейіне, екінші бір топ – «Мәңгілік ел» тәуелсіздік қақпасына экскурсия жасауды. Оқушылар экскурсия барысында толық мағлұматтармен танысып, өз нысаны туралы бастапқы ақпарат жинайды. Оқушылар ақпаратпен бірімен-бірі алмасып жиынтық кесте құрайды (3 кесте).

3 кесте – Жиынтық кесте

«Мәңгілік ел» тәуелсіздік қақпасы	Салыстыру	«Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейі
...	Стиль	...
...	Архитектор	...
...	Несімен атақты	...

Кесте құру барысында оқушылар ақпаратты талдап қана қоймай, оны қалай біріктіру керектігін ойластыруы керек, яғни объектілерді салыстыруға негіз болатын жалпы нәрсені бөліп көрсетуі керек.


Тұжырымдай келе, бұл бағыттағы тапсырмалар сыни ойлау технологиясының құрылым негізінде іске асып, оқушының оқуға деген ынтасын арттырып, өз бетінше ізденуге талпыныс жасау, автордың идеясын өзгертуге, кейіпкердің рөлін сезінуге, мәселені шешудің жолдарын іздестіруге, мән-мағынасын анытауға, жаңа идея құруға, маңызды ақпаратты талдай білуге, оны жүйелеуге мүмкін беретінін көруге болады.

Визуалды әдістер арқылы сыни ойлауды қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар сабақтың барлық кезеңдерінде іске асты. Ендеше, қалыптастырушы экспериментінде ұсынған тапсырмалардың тиімділігін дәлелдеу мақсатында бақылау кезеңінде жүргізілген диагностикалық әдістеменің нәтижесін ұсынамыз (кесте 4).

Кесте 4 – Сыни ойлау дағдыларының бақылау кезеңі

Деңгейлері	Бақылау сыныбы n=28				Тәжірибелік сынып n=30			
	ЭД		ЭК		ЭД		ЭК	
	2	3	4	5	4	5	5	
жоғары	-	7,1%	2	-	-	26,7%	8	
орта	32,1%	9	42,9%	12	36,7%	11	56,7%	17
төмен	67,9%	19	50%	14	63,3%	19	16,6%	5

Салыстырмалы нәтижелердің диаграмма түріндегі көрсеткіштері (сурет 2).



2 сурет – Сыни ойлау дағдыларының бақылау кезеңі

Зерттеудің үшінші – бақылау кезеңінде жүргізілген зерттеудің нәтижелері: бақылау сыныбының жоғары деңгейі 2 оқушыға, орта деңгейі 3 оқушыға артты, төменгі деңгейде 5 оқушыға кеміді; тәжірибелік сыныптың жоғары деңгейі 8 оқушыға, орта деңгейі 6 оқушыға артты, төменгі деңгейі 14 оқушыға кеміді. Демек, екі сыныптың арасында айырмашылық бар. Біз, тәжірибелік сыныпта ұйымдастырған тапсырмалардың тиімді түрде ұйымдастырылғанын дәлелдей аламыз.

**Қорытынды.** Біз зерттеу барысында визуалды әдістерді бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастырудың құралы ретінде қарастырдық. Бұл әдістер арқылы оқушылар өз идеяларын визуализациялауды үйренеді. Зерттеу барысында визуалды әдістер сабақ барысында семантикалық кезеңде жұмыс жасап, ал кейбіреулері сабақтың жетекші стратегиясына айналды. Сызба, кесте, шартты белгілер және т.б. сыни ойлауды қалыптастыруда маңызы зор деп білеміз. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын қалыптастыруда жаңа ақпараттың мазмұнын ашатын, мәселені шешудің жолын табатын тиімді сұрақтар құрастыру тапсырмалары беріліп отырды. Оқушыны сыни тұрғыдан ойлауға бағыттауда өзіндегі бар білімді байланыстыра алуға, өзіндік пікір білдіруге, мәселені танып ажыратуға, оқиғаның айырмашылығы мен сюжетін еске түсіре отырып сипаттауға, мұғалімнің сұрақ қоюдағы мақсатын анықтауға мән беру қарастырылады.

Қорытындылай келе, оқу процесінде визуалды әдістерді енгізудің маңызы зор екенін байқаймыз. Себебі, бұл әдістер оқушылардың бойында төмендегідей білім, білік, дағдыларды қалыптастырады:

Біріншіден – жаңа ақпаратты талдауда қолданады. Зерттеу мәселесі бойынша өз идеясын ұсынуға талпынады;

Екіншіден – мәселені шешуде сыни ойлауы қалыптасады, болжам жасауға дағдыланады;

Үшіншіден – сызба, шартты белгілер, диаграмма, сурет және т.б. арқылы ақпаратты визуалды талдауға үйренеді;

Төртіншіден – тиімді сұрақтарды қоюға, мәселені талдауға, ойын еркін жеткізуге, қателік жасаудан қорықпауға, өз көзқарасын дәлелдеуге талпыныс жасайды.

**ӘДЕБИЕТТЕР:**

1 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электрондық ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (жүгінген күні 02.01.2024).

2 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы [Электрондық ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (жүзінген күні 25.01.2024).

3 Исакова, Л.М., Алпысбай, Л.А., Ермаханов, Б.Ө., Развитие навыков критического мышления учащихся начальных классов с помощью программ STEM [Текст] / Л.М. Исакова, Л.А. Алпысбай, Б.Ө. Ермаханов // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2023. – №3(78). – с. 228-238. DOI: <https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.024>.

4 Келгембаева Б.Б., Картаева А.М., Азретбергенова Ж.Ж. Әдебиеттану пәндерін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту [Мәтін] / Б.Б. Келгембаева, А.М. Картаева, Ж.Ж. Азретбергенова // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – Т. 1. – №. 127. – 327-338 бб. DOI: <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.27>.

5 Заир-Бек С. Муштавинская. Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей [Текст] / Заир-Бек С. Муштавинская // ФГОС; Издательство: Просвещение. – 2004. – 223 с.

6 Бекбаева Ж.С. Научно-педагогические основы формирования критического мышления студентов в условиях профессионального обучения [Текст] / Ж.С. Бекбаева // автореф. дисс.док. фил. наук – Нур-Султан. – 2021. – 26 с.

7 Тайболатов Қ.М., Бурдина Е.И., Бегимтаев А.И. Программа вариативного курса «Эмоциональный интеллект и критическое мышление» в средних общеобразовательных школах (из опыта работы) [Текст] / Қ.М. Тайболатов, Е.И. Бурдина, А.И. Бегимтаев // Вестник Торайғыров университета, Серия Педагогическая – 2022. – № 2. – 157-169 с. DOI: <https://doi.org/10.48081/WGNF3419>.

8 Silva H. et al. Does university attendance affect students' critical and creative thinking skills? A longitudinal research with pre-service teaching and psychology undergraduates [Text] / H. Silva et al. // Higher Education Research & Development. – 2023. – Т. 42. – №. 2. – P. 442-452. DOI: <https://doi.org/10.1080/07294360.2022.2057448>.

9 Wijnen F., Walma van der Molen J., Voogt J. Primary teachers' attitudes towards using new technology and stimulating higher-order thinking in students: A profile analysis [Text] / F. Wijnen, J. Walma van der Molen, J. Voogt // Education and Information Technologies. – 2023. – Т. 28. – №. 6. – P. 6347-6372. <https://doi.org/10.1007/s10639-022-11413-w>.

10 Srivani M., Murugappan A. Design of a cognitive knowledge representation model to assess the reasoning levels of primary school children [Text] / M. Srivani, A. Murugappan // Expert Systems with Applications. – 2023. – Т. 231. – P. 120604. <https://doi.org/10.1016/j.eswa.2023.120604>.

11 Жиенхан А., Кулахметова М. С. Оқушының сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамыту-нәтижелі оқытудың кілті [Мәтін] / А. Жиенхан, М.С. Кулахметова // Даналық тілдері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – 2023. – 210 б.

12 Түреқұлова А.Қ. Физика сабағында сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңызы [Мәтін] / А.Қ. Түреқұлова // «Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2023. – Т. 1. – №. 4. – 33-38 бб.

13 Кабышева Г., Букабаева Б. Шеттілдік академиялық жазылым күзіретін қалыптастырудағы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету технологиясының рөлі [Мәтін] / Г. Кабышева, Б. Букабаева // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2023. – Т. 83. – №. 1. – 54-65 бб. DOI: <https://doi.org/10.51889/1728-7804.2023.14.1.014>.

14 Молбасынова Ж.М., Тоқсанбаева Н.К. Оқушылардың эмоционалды интеллектісін дамыту әрекетінде сыни ойлаудың психологиялық механизмінің байланысы [Мәтін] / Ж.М. Молбасынова, Н.К. Тоқсанбаева // ҚазҰУ Хабаршысы. Психология және әлеуметтану сериясы. – 2023. – Т. 86. – №. 3. – 46-61 бб. DOI: <https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.05>.

15 Кубрушко П.Ф., Бекбаева Ж.С. Готовность педагога вуза к формированию критического мышления студентов [Текст] / П.Ф. Кубрушко, Ж.С. Бекбаева // Инновации в профессиональном и профессионально-педагогическом образовании. – 2019. – С. 476-479.

#### REFERENCES:

1 Kazakhstan Respublikasynda zhogary bilimdi zhane gylymdy damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arналған tujyrymdamasyn bekitu turaly [On approval of the concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 naurydzdagy № 248 kaulysy. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (accessed 02 November 2024). (In Kazakh).

2 Мектепке деjingи тарбие мен оқытудын, бастауыш, негизги орта, жалпы орта, техниклык және касиптик, орта bilimнен кейинги bilim berudin memlekettik zhалпыга mindetti standarttaryn bekitu turaly Kazakhstan Respublikasy Oku-agartu ministrinin 2022 zhylygy 3 тамыздагы № 348 buirygy [Order of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated August 3, 2022 No. 348 on approval of State mandatory standards of preschool education and training, primary, basic secondary, general secondary, technical and professional, post-secondary education]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031> (accessed 02 November 2024). (In Kazakh).

3 Iskakova L.M., Alpysbai L.A., Ermahanov B.O., Razvitie navy'kov kriticheskogo my'shlenia uchashihsa nachalny'h klasov s pomoshu program STEM [Developing critical thinking skills of primary school students using STEAM programs]. Vestnik KazNPU imeni Abaya, seriya «Pedagogicheskie nauki», 2023, 3, 78, pp. 228-238. <https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.024> (In Russian).

4 Kelgembayeva B.B., Kartayeva A.M., Azretbergenova Zh.Zh. Adebiettanu panderin syn turgysynan oilau tehnologiasy arkyly okytu [Teaching literary studies through the technology of critical thinking]. Yasauy universitetinin habarshysy, 2023, vol. 1, 127, pp. 327-338. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.27> (In Kazakh).

5 Zair-Bek S. Mushtavinskaya. *Razvitie kriticheskogo my'shleniya na uroke: posobie dlya uchitelej* [Developing critical thinking in the classroom: a teacher's guide]. FGOS, Izdatel'stvo Prosveshhenie, 2011, 223 p. (In Russian).

6 Bekbaeva Zh.S. *Nauchno-pedagogicheskie osnovy' formirovaniya kriticheskogo my'shleniya studentov v usloviyah profesionalnogo obucheniya* [Scientific and pedagogical foundations of fostering critical thinking in students in the professional training]. Abstract from PhD thesis, Nur-Sultan, 2021, 26 p. (In Russian).

7 Taibolatov K.M., Burdina E.I., Begimtaev A.I. *Programa variativnogo kursa «E'mocionalny'j intelekt i kriticheskoe my'shlenie» v srednih obshheobrazovatelny'h shkolah (iz opy'ta raboty)* ["Emotional intelligence and critical thinking" in secondary schools (based on work experience)]. *Vestnik Torajy'rov universiteta, Seriya Pedagogicheskaya*, 2022, no 2, pp. 157-169. <https://doi.org/10.48081/WGNF3419>. (In Russian).

8 Silva H. et al. *Does university attendance affect students' critical and creative thinking skills? A longitudinal research with pre-service teaching and psychology undergraduates*. *Higher Education Research & Development*, 2023, vol. 42, no. 2, pp. 442-452. <https://doi.org/10.1080/07294360.2022.2057448>.

9 Wijnen F., Walma van der Molen J., Voogt J. *Primary teachers' attitudes towards using new technology and stimulating higher-order thinking in students: A profile analysis*. *Education and Information Technologies*, 2023, vol. 28, no.6, pp. 6347-6372.

10 Srivani M., Murugappan A. *Design of a cognitive knowledge representation model to assess the reasoning levels of primary school children*. *Expert Systems with Applications*, 2023, vol. 231, p. 120604.

11 Zhiengan A., Kulahmetova M.S. *Okushynyn syni turgydan oilau dagdysyn damyту-natizheli okytudyn kilti* [Developing students' critical thinking skills is the key to effective learning]. *Danalyk tilderi: halykaralyk kylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary*, 2023, p. 210. (In Kazakh).

12 Turekulova A.K. *Fizika sabagynda syni turgydan oilau dagdylaryn kalyptastyrudyn manyzy* [The importance of developing critical thinking skills during physics lessons]. *Qazaq Journal of Young Scientist*, 2023, vol. 1, no. 4, pp. 33-38. (In Kazakh).

13 Kabysheva G., Bukabaeva B. *Shettildik akademiya zhazylym kuziretin kalyptastyrudagy syni turgydan oilauga uiretu tehnologiasynyn roli* [The role of critical thinking training technology in the formation of foreign academic writing competence]. *Abaj atyndagy QazUPU Habarshysy «Filologiya gylymdary» seriyasy*, 2023, vol. 83, no. 1, pp. 54-65. (In Kazakh).

14 Molbassynova Z.M., Tohanbayeva N. K. *Okushylardyn emosionaldy intelektisin damyту areketinde syni oilaudyn psihologialyq mehanizminin bailanysy* [The relationship of the psychological mechanism of critical thinking in an attempt to develop emotional intelligence of students]. *QazUU Habarshysy. Psihologiya zhane aleumettanu seriyasy*, 2023, vol. 86, no. 3, pp. 46-61. <https://doi.org/10.26577/JPoS.2023.v86.i3.05> (In Kazakh).

15 Kubrushko P.F., Bekbaeva J.S. *Gotovnost pedagoga vuza k formirovaniyu kriticheskogo my'shlenia studentov* [University teacher's readiness to develop students' critical thinking]. *Innovacii v professional'nom i professional'no-pedagogicheskom obrazovanii*, 2019, pp. 476-479. (In Russian).

#### Авторлар туралы мәліметтер:

Әлмұханбет Шолпан Бақытжанқызы\* – PhD докторанты, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., Байтұрсынов көш., 13, тел.: +7-705-753-91-50, e-mail: sholpaalmu@gmail.com.

Молдабек Құлахмет Молдабекұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., Байтұрсынов көш., 13, e-mail: moldabek.kulakhmet@okmpu.kz.

Mustafa Kale – PhD, қауымдастырылған профессор, Гази Білім беру факультеті, Гази университеті, Түркия Республикасы, 06000, Анкара қ., e-mail: mkale@gazi.edu.tr.

Есназар Асель Жаңаберженқызы – PhD, аға оқытушы, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012, Шымкент қ., Байтұрсынов көш., 13, e-mail: asel.esnazar@mail.ru.

Әлмұханбет Шолпан Бақытжанқызы\* – PhD докторант, Южно-Казахстанский государственный университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160012, г. Шымкент, ул. А. Байтұрсынова, 13, тел.: +7-705-753-91-50, e-mail: sholpaalmu@gmail.com.

Молдабек Құлахмет Молдабекұлы – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский государственный университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160012, г. Шымкент, ул. А. Байтұрсынова, 13, e-mail: moldabek.kulakhmet@okmpu.kz.

Mustafa Kale – PhD, ассоциированный профессор, факультет образования Гази, Университет Гази, Турецкая Республика, 06000, г. Анкара, e-mail: mkale@gazi.edu.tr.

Есназар Асель Жаңаберженқызы – PhD, старший преподаватель, Южно-Казахстанский государственный университет имени Өзбекәлі Жәнібеков, Республика Казахстан, 160012, г. Шымкент, ул. А. Байтұрсынова, 13, e-mail: asel.esnazar@mail.ru.

Almukhanbet Sholpan Bakhytzhanqyzy\* – PhD student, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 Baitursynov Str., tel.: +7-705-753-9150, e-mail: sholpaalmu@gmail.com.

Moldabek Kulakhmet Moldabekuly – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 Baitursynov Str., e-mail: moldabek.kulakhmet@okmpu.kz.

Mustafa Kale – PhD, Associate Professor, Faculty of Education, Gazi University, Republic of Türkiye, 06000 Ankara, e-mail: mkale@gazi.edu.tr.

Yesnazar Assel Zhanabergenkyzy – PhD, Senior Lecturer, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 Baitursynov Str., e-mail: asel.esnazar@mail.ru.

XFTAP 14.25.09

ӨОЖ 372.854

[https://doi.org/10.52269/22266070\\_2025\\_1\\_294](https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_294)

### МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Балғабаева Г.З.\* – тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

*Анасова А.Б. – тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

*Тастекова Г.Б. – тарих магистрі, Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.*

Берілген мақалада жалпы білім беретін мектепте Қазақстанның ортағасырлық тарихының мәдениетін зерттеу мәселелері қарастырылады. Авторлар жүргізген зерттеу барысында бірқатар маңызды міндеттерге қол жеткізді. Біріншіден, білім беру процесінде мәдениеттің рөлі анықталды. Екіншіден, ортағасырлық Қазақстан тарихы курсының ортағасырлық мәдениеті бойынша сұрақтардың мазмұны анықталып талданды. Үшіншіден, авторлар тарих сабақтарында мәдениет тақырыбына байланысты сұрақтардың негізгі әдіс-тәсілдерін зерттеді. Төртіншіден, Қазақстанның ортағасырлық тарихы курсына мәдениет мәселелерін зерделеудің әдістемелік тәсілдерін қарастырып, ортағасырлық Қазақстан мәдениетін зерделеу тақырыптары бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі. Нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды: тарихты зерттеудің негізгі мақсаттарының бірі – жас ұрпақты халықтың мәдени құндылықтарымен таныстыру. Қазіргі уақытта Қазақстанның және бүкіл қазақстандық қоғамның аса маңызды міндеттерінің бірі лайықты ұрпақты тәрбиелеу және өскелең ұрпақтың Отанға, оның тарихи құндылығына деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру болып табылады. Тарих Қазақстан орта мектептеріндегі басты пәндердің бірі. Сонымен қатар, әдістемелік парадигмалардың өзгеруі және орта мектептегі типтік оқу бағдарламаларында дүниежүзілік және отандық тарих мазмұнының өзгеруі жағдайында осы пәнді оқытудағы бірқатар ерекшеліктер мен қиындықтарды ескеру қажет.

**Түйінді сөздер:** ортағасырлық мәдениеті, Қазақстан тарихы, оқулық, құндылықтар, қоғам.

### ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ СРЕДНЕВЕКОВОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА В ШКОЛЕ

*Балғабаева Г.З.\* – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

*Анасова А.Б. – магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

*Тастекова Г.Б. – магистр истории, старший преподаватель кафедры истории Казахстана, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.*

В статье рассматриваются вопросы изучения культуры средневековой истории Казахстана в общеобразовательной школе. В ходе проведенного авторами исследования достигнут ряд задач. Во-первых, определена роль культуры в образовательном процессе. Во вторых, проанализировано содержание вопросов по культуре в курсе истории средневекового Казахстана. В третьих, рассмотрены основные подходы в изучении вопросов культуры на уроках истории. В четвертых, проанализированы методические приемы изучения вопросов культуры в курсе средневековой истории Казахстана и разработаны методические рекомендации по темам изучения культуры средневекового Казахстана. В результате были сделаны следующие выводы: одна из основных целей изучения истории – это приобщение подрастающего поколения к культурным ценностям народа. В настоящий момент одной из наиболее важных задач Казахстана и всего казахстанского общества является воспитание достойного поколения и формирование у подрастающего поколения чувства любви к Родине, её историческому прошлому. Культурно-исторический материал, который охватывает всю сферу духовной и материальной культуры, имеет огромный воспитательный потенциал для формирования личности ученика. История была и остается одним из главных предметов в школах Казахстана. При этом надо учитывать ряд специфических особенностей и трудностей в преподавании этой дисциплины в условиях смены методологических парадигм и трансформации содержания всемирной и отечественной истории в типовых учебных программах.

**Ключевые слова:** средневековая культура, история Казахстана, учебник, ценности, общество.

### FEATURES OF TEACHING MEDIEVAL CULTURE OF KAZAKHSTAN IN SCHOOL

*Balgabayeva G.Z.\* – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of the Department of history of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*Anassova A.B. – Master of History, Senior Lecturer of the Department of history of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*

*Tastekova G.B. – Master of History, Senior Lecturer of the Department of history of Kazakhstan, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.*